# ОТЗЫВ

**зарубежного научного руководителя на докторскую диссертацию Жузбаевой Улданай Дуйсеновны на тему «Труд Абуль Фиды «Таквим аль-Бульдан» как источник исторической географии Азии» представленную на соискание ученой степени доктора философии по образовательной программе «8D02209 – Востоковедение»**

Диссертационная работа докторанта Жузбаевой Улданай Дуйсеновны посвящена исследованию памятника средневековой арабской географической литературы – труда сирийского ученого и государственного деятеля XIII–XIV вв. Абуль-Фида Исмаила ибн Али «Таквим аль-Бульдан» («Упорядочение стран»). Исследование выполнено на базе Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Актуальность исследования. Научное наследие Абуль-Фиды, несмотря на его масштабность и значение, до настоящего времени оставалось малоизученным в отечественной и мировой востоковедческой науке. Особенно это касается его труда «Таквим аль-Бульдан», который традиционно воспринимался лишь как справочник. Впервые в отечественной науке предпринята попытка комплексного анализа этого произведения, что и определяет значимость данной диссертации.

Научная новизна диссертационного исследования заключается в том, что: впервые проведено системное источниковедческое исследование труда Абуль-Фиды как самостоятельного источника по исторической географии Азии; выявлены структура, методология и источниковая база «Таквим аль-Бульдан»; уточнены географические сведения о Мавераннахре, Хорезме, Туркестане, Средиземноморье; проведено сопоставление данных Абуль-Фиды с трудами античных, раннеисламских и средневековых географов (Птолемея, аль-Истахри, Ибн Саида аль-Магриби, аль-Масуди, аль-Бируни, Якута аль-Хамауи и др.);

Основные результаты исследования показывают , что труд Абуль-Фиды отражает не только географические знания , но и культурные, этнические и социально-экономические особенности средневековой Центральной Азии и сопредельных территорий, их связи с мусульманским Востоком, Индией и Китаем.

Методология исследования. Особо следует отметить, что автор диссертации успешно применяет междисциплинарный подход, сочетая источниковедческий, историко-географический, культурологический текстологический анализ. Такой подход позволил наиболее полно раскрыть специфику труда Абуль-Фиды и показать его значение не только для востоковедения, но и для смежных областей гуманитарного знания.

Практическая значимость исследования состоит в возможности применения его результатов при разработке университетских курсов по востоковедению, истории и исторической географии, а также специальных

дисциплин по исламской картографии и источниковедению. Выводы и собранный материал могут быть использованы в дальнейших сравнительных исследованиях арабских географических трудов, а также при изучении влияния исламской географии на становление европейской картографической традиции.

Данное исследование способствует интеграции отечественной востоковедческой школы в международное научное пространство.

Публикационная активность докторанта заслуживает высокой оценки: основные результаты исследования опубликованы в 10 научных статьях , включая одну публикацию в международном журнале, индексируемом в базе Scopus. Это свидетельствует о признании результатов исследования академическим сообществом.

Рекомендации и замечания:

Структура диссертации соответсвует всем требованиям, предъявляемым к научно-исследовательским работам. Для более комплексного исследования рекомендовано целесообразным расширить сопоставительный анализ труда Абуль-Фиды с археологическими и топонимическими материалами.

Рамечания к диссертации несет рекомендательный характер.

Заключение.

Диссертация Жузбаевой Улданай Дуйсеновны представляет собой оригинальное, новаторское и целостное исследование, внесшее значительный вклад в развитие востоковедения, источниковедения и исторической географии. Работа отличается глубиной научного анализа, логичной структурой, широкой источниковой базой и аргументированными выводами.

Диссертационная работа соответствует всем требованиям, предъявляемым к диссертациям на соискание ученой степени доктора философии (PhD), и заслуживает допуска к защите на диссертационном совете.

**Зарубежный научный руководитель,**
**кандидат исторических наук,**
**старший научный сотрудник**
**Института истории им. Ш. Марджани**
**Академии наук Республики Татарстан** **Э. Сайфетдинова**

Собственную подпись [signature] заверяю:
ОТДЕЛ КАДРОВ
ОБОСОБЛЕННОЕ СТРУКТУРНОЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО НАУЧНОГО БЮДЖЕТНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «АКАДЕМИЯ НАУК РЕСПУБЛИКИ ТАТАРСТАН» «ИНСТИТУТ ИСТОРИИ ИМЕНИ ШИГАБУТДИНА МАРДЖАНИ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ ТАТАРСТАН»

ОТДЕЛ КАДРОВ

«30» 09 2025 г.

**«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының «Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі Азияның тарихи географиясының дереккөзі» тақырыбындағы докторлық диссертациясына шетелдік ғылыми жетекшінің**

# ПІКІРІ

Докторант Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының диссертациялық жұмысы XIII–XIV ғасырларда өмір сүрген ғалым әрі мемлекет қайраткері Әбул-Фида Исмаил ибн Әлидің «Тақуим әл-Бұлдан» («Елдерді жүйелеу») атты ортағасырлық араб географиялық әдебиетінің көрнекті ескерткішін зерттеуге арналған. Зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында орындалған.

Зерттеудің өзектілігі. Әбул-Фиданың ғылыми мұрасы осы уақытқа дейін отандық және әлемдік шығыстану ғылымында аз зерттелген күйінде қалып келген. Әсіресе оның «Тақуим әл-Бұлдан» еңбегі дәстүрлі түрде тек анықтамалық ретінде ғана қабылданып келген. Отандық ғылымда бұл шығарманы кешенді талдауға алғаш рет әрекет жасалып отыр, бұл өз кезегінде диссертацияның өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Алғаш рет Әбул-Фиданың еңбегіне Азияның тарихи географиясы бойынша дербес дереккөз ретінде жүйелі деректанулық зерттеу жүргізілді; «Тақуим әл-Бұлданның» құрылымы, әдіснамасы мен дереккөздік негізі айқындалды; Мауараннахр, Хорезм, Түркістан және Жерорта теңізі өңіріне қатысты географиялық мәліметтер нақтыланды; Әбул-Фида деректері антикалық, ертеисламдық және ортағасырлық географтардың (Птолемей, әл-Истахри, Ибн Саид әл-Магриби, әл-Масуди, әл-Бируни, Якут әл-Хамауи және т.б.) еңбектерімен салыстырылды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері. Зерттеу нәтижелері Әбул-Фиданың еңбегі тек географиялық білімді ғана емес, сонымен бірге ортағасырлық Орталық Азия мен оған іргелес аймақтардың мәдени, этникалық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін, олардың мұсылман Шығысымен, Үндістанмен және Қытаймен байланыстарын да бейнелейтінін көрсетті.

Зерттеу әдіснамасы. Автор деректанулық, тарихи-географиялық, мәдениеттанулық және текстологиялық талдауды ұштастыра отырып, пәнаралық тәсілді сәтті қолданғанын атап өткен жөн. Мұндай әдіс Әбул-Фиданың еңбегінің ерекшелігін барынша толық ашуға және оның маңызын тек шығыстану үшін ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық білімнің басқа салалары үшін де айқындауға мүмкіндік берген.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелерін шығыстану, тарих және тарихи география бойынша университеттік курстарды, сондай-ақ ислам картографиясы мен деректануға арналған арнайы пәндерді әзірлеу барысында қолдануға болады. Жинақталған материалдар мен қорытындылар араб географиялық еңбектерін салыстырмалы тұрғыда әрі қарай зерттеуде,

сондай-ақ ислам географиясының еуропалық картография дәстүрінің қалыптасуына ықпалын зерделеуде пайдалы болмақ.

Аталған зерттеу отандық шығыстану мектебінің халықаралық ғылыми кеңістікке ықпалдасуына өз үлесін қосады.

Докторанттың жарияланымдық белсенділігі жоғары бағалауға лайық: зерттеу нәтижелері 10 ғылыми мақалада жарияланған, соның ішінде Scopus базасында индекстелетін халықаралық журналдағы бір жарияланым да бар. Бұл зерттеу нәтижелерінің академиялық қауым тарапынан мойындалатынын көрсетеді.

Ұсыныстар мен ескертпелер:

Диссертацияның құрылымы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сай келеді. Зерттеуді неғұрлым кешенді ету мақсатында Абуль-Фиданың еңбегін археологиялық және топонимиялық материалдармен салыстырмалы талдау арқылы кеңейту орынды деп ұсынылады.

Диссертацияға қатысты ескертпелер ұсынымдық сипатқа ие.

Қорытынды.

Жүзбаева Ұлданай Дүйсенқызының диссертациясы шығыстану, деректану және тарихи география ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосуға бағытталған тың әрі кешенді зерттеу болып табылады. Жұмыс ғылыми талдаудың тереңдігімен, құрылымының қисындылығымен, дереккөздік базасының кеңдігімен және тұжырымдарының дәйектілігімен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға сай келеді және диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылуға лайық.

**Шетелдік ғылыми жетекші**
**тарих ғылымдарының кандидаты,**
**Татарстан Республикасы Ғылым академиясы**
**Ш. Маржани атындағы Тарих институтының**
**аға ғылыми қызметкері** *|қолтаңба|* **Э. Г. Сайфетдинова**

«____» __________ 2025 г.